

Павлодар облыс әкімінің 2004 жылғы 10 тамыздағы "Облыс аумағындағы жылу қуатын өндіруді, беруді және бөлуді, қазандарды және қысым арқылы жұмыс істейтін құбырларды пайдалануды, өнеркәсіптік мұздатқыш қондырғылары және тұрмыстық газ баллондарының құрамында қысым арқылы жұмыс істейтін ыдыстарды пайдалануды лицензиялау мәселелері туралы" N 20 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы әкімінің 2005 жылғы 15 наурыздағы N 6 шешімі. Павлодар облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 28 наурызда N 2938 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы әкімінің 2009 жылғы 14 қыркүйектегі N 3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы әкімінің 2009.09.14 N 3 шешімімен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңы 29-бабының 2-тармағына сәйкес **ШЕШІМ** **ҚАБЫЛДАЙМЫН:**

Павлодар облыс әкімінің 2004 жылғы 10 тамыздағы "Облыс аумағындағы жылу қуатын өндіруді, беруді және бөлуді, қазандарды және қысым арқылы жұмыс істейтін құбырларды пайдалануды, өнеркәсіптік мұздатқыш қондырғылары және тұрмыстық газ баллондарының құрамында қысым арқылы жұмыс істейтін ыдыстарды пайдалануды лицензиялау мәселелері туралы" (2004 жылғы 10 қыркүйекте әділет департаментінде нөмірі 2708 болып тіркелді, 2004 жылғы 28 қыркүйекте "Звезда Прииртышья" газетінің N 113 санында жарияланды) N 20 шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімінің 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Облыс кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті облыс аумағындағы жылу қуатын өндіру, беру және бөлуді (белгіленген қосынды қуаты сағатына 100 Гкал-ға дейін жететін жылу қуаты көздерінен), қазандарды (қосынды жылу қуаты сағатына 100 Гкал-ға дейін) және қысым арқылы жұмыс істейтін құбырлардың пайдалануды лицензиялайтын;

облыс жұмылдыру даярлығы және төтенше жағдайлар департаменті облыс аумағындағы өнеркәсіптік мұздатқыш қондырғылары және тұрмыстық газ баллондарының құрамында қысым арқылы жұмыс істейтін ыдыстардың пайдалануды лицензиялайтын уәкілетті мемлекеттік органдар болып белгіленсін.

"

;

Көрсетілген шешімімен бекітілген облыс аумағындағы жылу қуатын өндіру, беру және бөлуді (белгіленген қосынды қуаты сағатына 100 Гкал-ға дейін жететін жылу қуаты көздерінен) құқығына лицензиялар беру Тәртібінде:

9-тармағындағы "коммуналдық шаруашылық, көлік және коммуникациялар департаменті" деген сөздер "кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті" деген сөздермен ауыстырылсын;

Көрсетілген шешімімен бекітілген облыс аумағындағы қазандарды (қосынды жылу қуаты сағатына 100 Гкал-ға дейін) және қысым арқылы жұмыс істейтін құбырларды пайдалану құқығына лицензиялар беру Тәртібінде:

9-тармағындағы "коммуналдық шаруашылық, көлік және коммуникациялар департаменті" деген сөздер "кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті" деген сөздермен ауыстырылсын;

Көрсетілген шешімімен бекітілген облыс аумағындағы өнеркәсіптік мұздатқыш қондырғылары және тұрмыстық газ баллондарының құрамында қысым арқылы жұмыс істейтін ыдыстарды пайдалану құқығына лицензиялар беру Тәртібінде:

9-тармағындағы "коммуналдық шаруашылық, көлік және коммуникациялар департаменті" деген сөздер "облыс жұмылдыру даярлығы және төтенше жағдайлар департаменті" деген сөздермен ауыстырылсын; көрсетілген шешімінің 2-тармағының 4-тармақшасы алынып тасталсын.

Облыс әкімі

Қ. Нұрпейісов